

The book cover features a deep red background with a white diagonal stripe. Two open books are shown, their pages fanned out in a symmetrical, fan-like pattern. The pages are a bright yellow color. The author's name is printed in yellow, and the title is in white.

Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА

ӘДЕБИЕТТАНУ  
негіздері

ӨОЖ  
КБЖ

824.512.122  
83.3(5103)  
К 27

Рецензенттері:

Қалқабаева С.  
Әдебиеттану негіздері / С. Қалқабаева. – Алматы. Қазақ  
университеті, 2021. – б.  
ISBN 978-601-04-5713-2

*С. Қалқабаева*

«Әдебиеттану негіздері» атты оқу құралы әдебиет туралы ғылымның негізгі заңдылықтары мен теориялық қағидаларына арналады. Әдебиеттің теориялық мәселелері қазіргі философия ғылымдары және гуманитарлық білім беру жүйесі аясында қарастырылып, көркем әдебиеттің философиялық, мәдениеттанушылық деңгейлері айқындалады.

Оқу құралы әдебиеттану ғылымына қатысты теориялық ұғымдар мен әдеби категориялар туралы түсініктер беру нәтижесінде әдебиеттің эстетикалық, тарихи-педагогикалық, философиялық және құрлымық қасиеттерінің сипаттауына арналады. Әдебиеттану, философия және мәдениеттану салаларында оқытын студенттер мен магистранттарға арналып құрастырылған бұл кітап ізденушілер бойынша құралды тәртіптеу, пәнаралық және өзін-өзі білім алу сияқты қабілет пен қызығушылықты арттырады.

ӨОЖ  
КБЖ

© Қалқабаева С., 2022  
© 11: Фарғи атындағы ҚазҰУ, 2022

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	
<b>1. ӘДЕБИЕТТАНУ – ҒЫЛЫМИ ПӘН</b> .....	
1.1 ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ, ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ.....	
СЕМНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	
1.2 ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ОЙЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ .....	
СЕМНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	
1.3 ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МІКТЕПТЕР .....	
СЕМНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	
1.4 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ .....	
СЕМНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	
<b>2. ӘДЕБИЕТ – СӨЗ ӨНЕРІ</b> .....	
2.1 ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКА .....	
СЕМНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	
2.2 КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ЖӘНЕ ОБРАЗ .....	
СЕМНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	
2.3 ӘДЕБИ ЖӘНЕ ТИПТІК ХАРАКТЕР: ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ .....	
СЕМНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	
<b>3. ӘДЕБИ ШЫҒАРМА ӨЛЕМІ</b> .....	
3.1 МАЗМҰН МЕН ПІШІН .....	
СЕМНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	

3.2 ТАҚЫРЫП ЖӘНЕ ИДЕЯ.....	104
СЕМИНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СУРАҚТАРЫ.....	104
3.4 СЮЖЕТ ПЕН КОМПОЗИЦИЯ.....	104
СЕМИНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СУРАҚТАРЫ.....	104
3.5 ӘДЕБИ ТЕК ПЕН ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕР.....	104
СЕМИНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН БАҚЫЛАУ СУРАҚТАРЫ.....	104
Әдебиеттану пәндерінде ғылыми-зерттеушілік ізденіске бейімдей оқыту.....	104
Әдеби шығарманы эмпирикалық деңгейде зерттеудің әдістері.....	104
Әдебиетті оқыту арқылы кәсіби құзыреттілікті меңгерту.....	104
Әдебиеттану пәндерін оқытуда кредиттік технология жүйесінің тиімділігі.....	104
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	104
ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ.....	104
СИЛЛАБУС.....	104

## КІРІСПЕ

Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым. Бұл ғылымның туып, қалыптасуы, даму жолдары көне дәуірдегі көркем өнер мен әдеби-эстетикалық ой сілемдерінен бастау алады. Бүгінде әдебиеттану – әдебиеттің тарихы, әдебиеттің теориясы мен сыны сияқты негізгі үш саладан тұратын іргелі ғылым саласы. Әдебиеттанудың теориялық мәселелерін оқытуға бағытталған бұл оқу құралын «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы» пәндерінде қолдануға болады. Мұнда қамтылған дәріс материалдары, әдеби теориялық ұғымдар мен категориялар әдеби шығарма табиғатын түсініп, талдай оқуға, оның идеялық-көркемдік ерекшеліктерін тани білуге апаратын. Әдебиеттің эстетикамен байланысы, көркем шығарманың эстетикалық, танымдық, пайымдық аспектілері, әдебиеттің поэтикалық әлемі, образ бен образдылық, көркем образ түрлері, әдеби және типтік характер, сюжет пен композиция, әдеби тек пен жанрлық түрлер сияқты мәселелер студенттің сөз өнерін жан-жақты тануға, ғылыми таным мен зерттеу қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар әдебиет пен өнер, көркем шығарма табиғаты, оны зерттеудің әдістері, техникалық, тәжірибелік ұстаным, ережелері туралы да түсінік береді. Әдебиеттанудың теориялық негіздері әдебиеттің басқа да пәндерін игеруге септігін тигізеді. Әдебиеттану, филология мамандығында оқитын студенттер мен магистранттарға арналған бұл еңбек ізденушілер бойында ғылыми зерттеу, шығармашылық, сыни ойлау сияқты қабілет пен біліктілікті қалыптастырады.

**Мақсаты:** Әдебиеттану ғылымына қатысты теориялық ұғымдар мен категориялар туралы түсінік беру, соның нәтижесінде әдебиеттің дара сипатын, танымдық, әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық қасиетін тануға, көркем шығарма табиғатын түсініп, талдай, зерттей оқуға, оның идеялық мазмұнын тани білуге үйрету.

Әдебиеттану пәнінде қамтылатын әдеби теориялық ұғымдарды оқу нәтижесінде, студент бойында ғылыми зерттеушілік, шығармашылық, сыни ойлау сияқты қабілет пен біліктілікті, құзыреттілік жүйесін қалыптастыру:

- А) Когнитивтік құзыреттілік:**
- әдеби теориялық ұғым мен категорияларды білу, есте сақтау;
  - сөз өнерінің табиғатын тани білу;
  - шығармашылық ойлау, өз ойын көркем жеткізе білу;
  - көркем шығарманы объективті бағалай білу және субъективті пікір айта алу;
  - әдеби теориялық ұғымдарға сүйене отырып, көркем шығарманы талдай алу;
- Ә) Функционалдық құзыреттілік:**
- әдебиеттанудағы жаңа зерттеулерді дәріс материалдарында қолдану, түсіндіру;
  - түсіндірудің жаңа технологияларын қолдану, жаңғыртып, жетілдіріп отыру;
  - көркем шығарманы зерттеудің әдістерін қолдана білу;
  - көркем шығарманы оқып талдағанда мысалдармен ұштастырып дәлелдей алу;
  - жеке немесе топтық оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

- Б) Жүйелік құзыреттілік:**
- студенттердің дәріс пен семинар материалдарын түсінуін, меңгеруін, жинақтап қорыта алуын midterm exam, АБ, ОБСӨЖ, СӨЖ-тапсырмаларын орындау нәтижесіне қарай бағалау;
  - курс бойынша зерттеп қарастырған тақырыптардың нәтижелерін талдау жасау;
  - ғылыми эссе, презентация, пікір, ғылыми шолу және т.б. түрінде жинақтау;

- В) Әлеуметтік құзыреттілік:**
- мәселені қарастыра білу, оның маңыздылығын дәлелдеу;
  - сыни талдау дағдыларын меңгеру, жеке пікір айту және оны дәлелді қорғай білу;
  - қарсыластар ұстанымын түсіну және құрметтеу, даулы мәселеде бейбіт шешім таба білу.

- Г) Метақұзыреттілік:**
- Пәнде оқытылған материалдарды жете түсіну үшін жеке тақырыптық зерттеулер, тестік тапсырмалар, топтық жобалар, кейіп әдістер және т.б. жүргізу.

## 1. ӘДЕБИЕТТАНУ – ҒЫЛЫМИ ПӘН

### 1.1 ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ. ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ

Гуманитарлық ілімдердің ішінде көнеден келе жатқан ғылымдардың бірі – филология. Гректің «philologia» деген сөзінен шыққан бұл ұғым «сөзге сүйіспеншілік, сөзді сүю» мағынасын білдіреді. *Филология* – адам баласының рухани мәдениетінің мәні мен тарихын жазба мәтіндерді тілдік және стилистикалық тұрғыдан талдау арқылы танып білуге негізделетін лингвистика, әдебиеттану, тарих, т.с.с. гуманитарлық пәндердің бірлестігі, жиынтығы. Филологияның қарастыратыны – тіл, яғни сөз. Тілді зерттеу мақсатына қарай екі түрлі ғылым саласына тармақталады. Оның бірі – *әдебиеттану* тілді әдеби шығармашылық өнердің құралы әрі көркем мәтінді бейнелеп, ажарландырушы деп қарастырса, *тіл білімі*, яғни *лингвистика* тілді ойды жеткізу мен коммуникативтік құрал ретінде зерттеуді басты мақсат етеді. Демек, тіл білімі сөзді адамзатқа қызмет ететін нақты құрал ретінде қарастырса, ал әдебиеттану сөзді өнер ретінде танып, ойды образды жеткізудің тәсілі деп біледі.

Әдебиет – өмір шындығын көркем образдық пішінге айналдыратын, әлем болмысын рухани меңгеретін өнердің бір түрі. Сөз өнері – әдебиетті зерттейтін ғылым *әдебиеттану ғылымы* деп аталады. Әдебиеттану – көркем әдебиет, оның мәнін, пайда болуын, тарихы мен даму кезеңдерін, өнердің көркемдік және эстетикалық ерекшеліктерін, әдеби үдеріс пен даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Әдебиеттанудың міндеті – әдеби-теориялық ұғымдармен, жеке шығармалардың көркемдік ерекшелігімен, әдебиеттің даму заңдылықтарымен таныстыру.

Көркем әдебиет – әдебиеттану ғылымының зерттеу пәні. Көркем шығарма әлемі мен қаламгер шеберлігі, шығармашылық тұлға құрынамасы сияқты мәселелер – сөз өнері туралы

**А) Когнитивтік құзыреттілік:**

- әдеби теориялық ұғым мен категорияларды білу, есте сақтау;
- сөз өнерінің табиғатын тани білу;
- шығармашылық ойлау, өз ойын көркем жеткізе білу;
- көркем шығарманы объективті бағалай білу және субъективті пікір айта алу;
- әдеби теориялық ұғымдарға сүйене отырып, көркем шығарманы талдай алу;

**Ә) Функционалдык құзыреттілік:**

- әдебиеттанудағы жаңа зерттеулерді дәріс материалдарында қолдану, түсіндіру;
- түсіндірудің жаңа технологияларын қолдану, жаңғыртып, жетілдіріп отыру;
- көркем шығарманы зерттеудің әдістерін қолдана білу;
- көркем шығарманы оқып талдағанда мысалдармен ұштастырып дәлелдей алу;
- жеке немесе топтық оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

**Б) Жүйелік құзыреттілік:**

- студенттердің дәріс пен семинар материалдарын түсінуін, меңгеруін, жинақтап қорыта алуын midterm exam, АБ, ОБСӨЖ, СӨЖ-тапсырмаларын орындау нәтижесіне қарай бағалау;
- курс бойынша зерттеп қарастырған тақырыптардың нәтижелерін талдау жасау;
- ғылыми эссе, презентация, пікір, ғылыми шолу және т.б. түрінде жинақтау;

**В) Әлеуметтік құзыреттілік:**

- мәселені қарастыра білу, оның маңыздылығын дәлелдеу;
- сыни талдау дағдыларын меңгеру, жеке пікір айту және оны дәлелді қорғай білу;
- қарсыластар ұстанымын түсіну және құрметтеу, даулы мәселеде бейбіт шешім таба білу.

**Г) Метақұзыреттілік:**

Пәнде оқытылған материалдарды жете түсіну үшін жеке тақырыптық зерттеулер, тестік тапсырмалар, топтық жобалар, кей әдістер және т.б. жүргізу.

**1. ӘДЕБИЕТТАНУ – ҒЫЛЫМИ ПӘН**

**1.1 ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ. ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ**

Гуманитарлық ілімдердің ішінде көнеден келе жатқан ғылымдардың бірі – филология. Гректің «philologia» деген сөзінен шыққан бұл ұғым «сөзге сүйіспеншілік, сөзді сүю» мағынасын білдіреді. Филология – адам баласының рухани мәдениетінің мәні мен тарихын жазба мәтіндерді тілдік және стилистикалық тұрғыдан талдау арқылы танып білуге негізделетін лингвистика, әдебиеттану, тарих, т.с.с. гуманитарлық пәндердің бірлестігі, жиынтығы. Филологияның қарастыратыны – тіл, яғни сөз. Тілді зерттеу мақсатына қарай екі түрлі ғылым саласына тармақталады. Оның бірі – *әдебиеттану* тілді әдеби шығармашылық өнердің құралы әрі көркем мәтінді бейнелеп, ажарландырушы деп қарастырса, *тіл білімі*, яғни *лингвистика* тілді ойды жеткізу мен коммуникативтік құрал ретінде зерттеуді басты мақсат етеді. Демек, тіл білімі сөзді адамзатқа қызмет ететін нақты құрал ретінде қарастырса, ал әдебиеттану сөзді өнер ретінде танып, ойды образды жеткізудің тәсілі деп біледі.

Әдебиет – өмір шындығын көркем образдық пішінге айналдыратын, әлем болмысын рухани меңгеретін өнердің бір түрі. Сөз өнері – әдебиетті зерттейтін ғылым *әдебиеттану ғылымы* деп аталады. Әдебиеттану – көркем әдебиет, оның мәнін, пайда болуын, тарихы мен даму кезеңдерін, өнердің көркемдік және эстетикалық ерекшеліктерін, әдеби үдеріс пен даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Әдебиеттанудың міндеті – әдеби-теориялық ұғымдармен, жеке шығармалардың көркемдік ерекшелігімен, әдебиеттің даму заңдылықтарымен таныстыру.

Көркем әдебиет – әдебиеттану ғылымының зерттеу пәні. Көркем шығарма әлемі мен қаламгер шеберлігі, шығармашылық тұлға құрынамасы сияқты мәселелер – сөз өнері туралы

10. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танымқшында» сөз өнеріне қатысты қандай пайымдаулар айтты?
11. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануы қандай деңгейде дамыды, жетістіктері мен кемшіліктері неде?
12. Ұлттық әдебиеттануда қандай әдеби-теориялық зерттеулер жазылды, кімдер үлес қосты?
13. Әдеби-көркем сынның жеке сала ретінде бой көрсетуін қандай еңбектерден көреміз?
14. Қазақ әдебиеттануында көркем шығарманы поэтикалық тұрғыдан зерттеудің әдістанымдық үлгісін көрсеткен қандай еңбектер бар?
15. Тауелсіздік кезіндегі қазақ әдебиеттануы қандай бағыттағы зерттеулерге бет бұрды?
16. «Ақтандық беттері» ғылыми жобасы аясында қандай іргелі зерттеулер жүргізілді?
17. Абайтану саласындағы ізденістер қай кезеңдерде, кімдердің үлесіне тиді?
18. Қазақ әдебиеті тарихын қайта жазу, дәуірлеу ісінде қандай іргелі зерттеулер жүргізілді?
19. Қазақ әдебиеттануының қалыптасу тарихын зерттеу нәтижесін қандай еңбектерден көреміз?

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 646 б.
2. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қазақпарат, 2009. – 658 б.
3. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы: монография. – Алматы, 1999. – 432 б.
4. Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
5. Пиралнева Г. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы. (1920-2005 ж.) – Алматы, 2010. – 310 б.
6. Байтұрсынұов А. Әдебиет танымқшш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
7. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 296 б.
8. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
9. Қалқабаева С.Ә. Көркем шығарма поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 234 б.
10. Әдебиет теориясы: Антология. 1-том / Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 568 б.

**2. ӘДЕБИЕТ – СӨЗ ӨНЕРІ**

**2.1 ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКА**

**Әдебиет және өнер.** *Әдебиет* сөзінің түп төркіні арабша атаудан шыққан, сөз, асыл сөз, үлгілі сөз деген мағынаны білдіреді. Әдебиет – өнердің бір түрі болғандықтан, оған өнерге тән қасиеттердің бәрі тиесілі. Көркем әдебиеттің табиғатын тану үшін «өнер» сөзінің мағынасын терең түсінуге тиіспіз. Өнер сөзін кең түсіндіру үшін оған берілген анықтамалар мен түсініктеме-лерге жүгінеміз.

- Өнер – эстетикалық құндылықтарды жасаушы.
- Өнерге шығармашылық сипат тән.
- Өнер адамның шығармашылық қабілетінен туындап, эстетикалық сезіммен қабылдауға негізделген.
- Ол – адамның өз ынтасымен жасалатын рухани қызметі.
- Өнер – шындықты көркем шындыққа айналдыру.
- Шындықты образ арқылы суреттеу, қабылдау т.т. [1-суретке қараңыз]

Өнер	– эстетикалық құбылыс
Өнер	– эстетикалық құндылықтарды жасаушы
Өнер	– шығармашылық қызмет
Өнер	– адамның өз ынтасымен жасалатын рухани қызметі
Өнер	– көркемдік іс-әрекет нәтижесінде жасалған туынды
Өнер	– эстетикалықпен қабылдауға негізделген


1-сурет.

### 3. ӘДЕБИ ШЫҒАРМА ӘЛЕМІ

#### 3.1 МАЗМҰН МЕН ПІШІН

Мазмұн мен пішін – табиғат құбылыстары мен заттардың ішкі және сыртқы жақтарының диалектикалық бірлігін көрсететін философиялық категория. Мазмұн заттың не құбылыстың ішкі қасиетін сипаттаса, ал пішін – оны көрсету тәсілі.

«Әдебиеттану терминдер сөздігінде» мазмұнға былайша түсініктеме беріледі: «Әдеби шығарманы талдағанда, оның мазмұны мен түрі деп, ішкі сипат-қасиетін және сыртқы көрінісін бөліп қараймыз. Сонда мазмұн дегеніміз шығарманың өмір шындығын, құбылыстарын бейнелі түрде көрсетіп, ой-сезімге әсер беретін мағыналығы деуге болады. Әдетте шығармадағы мазмұн көркем ой көрінісін түрленіп шыққан өмір шындығы делінеді». Көркем мазмұнға шығармаға тақырып бола алатын өмір құбылыстары мен туындыгер идеясын танытатын ой-тұжырымдардың бәрі де кіреді (1-суретті қараңыз).



1-сурет

Мазмұн өмір шындығы болса, сол шындық субъективті сана-сезімнен бастау алып, объективті түрмен көрініс алады. Нақтылап айтсақ, қаламгердің дүниетанымынан, ізгі мұратынан туған идеялық мазмұн көркем сөзбен, бейнелеу құралдарымен жара-

сымды өрнектелген сәтте ғана эстетикалық құндылыққа айналады. Әдеби туындының көркемдік сапасын мазмұн тереңдігі көтерсе, ал идеялық мазмұнды көркемдік амалдар ашып, ажарлай түседі, әсерін арттырады. Шығарма мазмұнының ұтымдылығы да, оқырманға жетімділігі де оның пішініне тығыз байланысты болып келеді. Осы тұста мазмұн мен түрдің ажырама бірлігі көрінеді.

Әдебиеттегі мазмұн мен пішінің бірлігі дегеніміз – көркем шығарманың идеялық-көркемдік бірлігі. Туындының эстетикалық құндылығы мен қасиеті осы тұтастықта жатыр. Мазмұн мен пішін арақатынасын терең ұғыну форманы мағыналы етіп түсінуге апарды. Ақын сезім мен ойды тілдік құралдар арқылы көркемдеп, образдап жеткізеді. Осы тұста мазмұнның пішінге ауысу үдерісін Төлеген Айбергеновтің «Өмірді үлкен домбыра деп білем мен» өлеңін талдау арқылы байқап көрейік.

Өмірді үлкен домбыра деп білем мен,  
Езіз туған екі шектен тұратын.  
Бірі – қайыс қабағында түлгерген,  
Бірі – шаттық әлдізеген мұратын.

Бұл екеуі жүз жазбайды әуелден,  
Қосын тартсаң ұн қалады құлақта.  
Жаңғасың кеудеңдегі әуеннен,  
Сыңар шектен тартсаң десең бірақ та.

Ақын өмір туралы ой-түйінін домбыра образы арқылы бейнелейді. Өмірді домбыраға ұқсаста отырып, ол туралы таным-түсінігін бір образға жинақтап түйіндейді. Өлең мақсаты – өмір мәнін түсіндіру болса, ойды жеткізу тәсілі – домбыра образы болып тұр.

Пішін – барлық мазмұнды қамтитын шығарманың объективті болмысы. Ол субъективті ой-сезімді, яғни шығарма мазмұнын оқырман қабылдауы үшін сыртқы, объективті түрде көрінеді. Көркем мазмұнды танытатын форма компоненттері: жанр, композиция, сюжет, образ, бейнелеу құралдары, суретті сөз, көркем тіл, стиль, көркемдік әдіс, өлең құрлысы мен өлшемдері, ырғақ-тық-интонациялық жүйе, т.б. (2-суретті қараңыз).

Әрбір сабақтың танымдық, кәсіптік, дамытушылық тәрбиелік сияқты бағдарлары бар. Олар мынадай мақсаттарды іске асырады:

- жеке тұлғаны қалыптастыру,
- шешендік өнерді меңгерту,
- дербес ойлауын дамыту,
- білімі мен білігін жетілдіру,
- өзіндік ізденісі мен шығармашылық әрекетін пәрменді ету,

- зерттеушілік-сыни көзқарасын қалыптастыру,
- белсенділігін арттыру, т.б.

Сабақты оқытудың пәрменді әдістері мақсатына жеткізеді. Әдебиеттану пәндері үшін нәтижелі әдістерге: проблемалық ізденушілік, пікірталас, эвристикалық, зерттеушілік, продуктивті, репродуктивті, индуктивті, дедуктивті, аналитикалық, синтетикалық, т.б. жатқыза аламыз. Соңғы жылдары программалық оқыту, проблемалық оқыту, интерактив әдістері оқу үдерісін енуде. Олардың қай түрі қолданылғанда да оқытудың кредитті жүйесінде орын алып отырған оқудың жекелік, жұптық, топтық формаларының ерекшеліктері, оқу материалының сипаты ескеріледі. Әдебиеттану пәндерінің бір ерекшелігі – оқыту әдістері мәтіндік талдау тәсілдерімен байланыстыруға, теориялық мәселелермен (композиция, сюжет, образдар жүйесі, поэтикалық тәсілдермен) ұштастыруға тура келеді. Көркем, сыни, ғылыми зерттеу мәтіндерін оқытудың түрлері (үзінді, тұтас, шолу, талдамалы) көптеп кездесетіндіктен өзіндік оқу әрекетіне құрылатын тапсырмалар мол қамтылады.

Дегенмен оқытудың қай түрі, қай әдісі болсын білімді меңгеруде студенттің салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, қорыту, ой туду сияқты ақыл-ой жұмысының пәрменділігін көтеруге, кәсіби-теориялық білімін толықтыруға, іздену-зерттеушілік құлшынысын арттыруға, шығармашылық ойлауын, сыни көзқарасын дамытуға бағытталып, білім беруші мен білім алушының педагогикалық ынтымақтастығына құрылуы тиіс.

Оқу үдерісінде бірін-бірі толықтыратын дәріс, семинар, ОПСЖ технологиялық тұрғыда өзара дұрыс ұйымдастырылғанда ғана студент сапалы білім алады деп айта аламыз.

#### ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

№1 сұрақ

VI	Әдебиеттану ғылымы:
A.	Жаратылыстану ғылымы
B.	Педагогикалық ғылым
C.	Философиялық ғылым
D.	Мәдениеттану ғылымы
E.	Сөз өнерін зерттейтін ғылым

№2 сұрақ

VI	Әдебиеттану ғылымының негізгі саласы:
A.	Риторика
B.	Әдебиет теориясы
C.	Текстология
D.	Библиография
E.	Историография

№3 сұрақ

VI	Әдебиеттің халықтығы туралы түсінік қалыптастырған:
A.	В.Г. Белинский
B.	А.И. Герцен
C.	Н.Г. Чернышевский
D.	Д.И. Писарев
E.	Н.И. Надеждин

№4 сұрақ

VI	Суреткерге тән ерекшеліктер:
A.	Әсемпаздық
B.	Еліктеушілік
C.	Әуесқойлық
D.	Сезімталдық
E.	Талаптанушылық

№5 сұрақ

VI	Тіл, сөз жайын тексеретін ғылымның түрі:
A.	Историография
B.	Стилистика
C.	Библиография
D.	Палеография
E.	Деректану